

<i>Т. Дибекоев</i> . С.А.Қасқабасов және фольклорлық мұра ...	148
<i>П. Дүсбаева</i> . Қазақ қара сөзінің қасиетін әлемге танытқан ғалым	161
<i>Б. Дысен</i> . С.Қасқабасов және шығыс тақырыбы	171
<i>Ж.С.Рақым</i> . «Қыз Жібек» жыры Сейіт Қасқабасов зерттеулерінде	177
<i>Д.С.Жақан</i> . Тағлымды терен тұлға	183
<i>Б. Әлиев</i> . С.Қасқабасовтың қазақ ертегі жанрын жанаша пайымдауы	191
<i>А.Шарип</i> . Көкейден кешпес кездесу	199
<i>А.Тойман</i> . Қасқабасовтікі қасқа жол, басқалардікі басқа жол» немесе ұстаз ұлағаты	204
<i>Ж.Асанов</i> . «Едіге» эпосындағы Ақсақтемір бейнесі: тарихи шындық пен эпикалық шындық	212
<i>Ш.Керім</i> . Перілер туралы хикаялар	221
<i>Н.Набиолла</i> . С.А.Қасқабасов зерттеулеріндегі төуелсіздік идеясы	228
<i>С.Имегулова</i> . Түркі әлеміндегі самұрық бейнесі	234
2-СЕКЦИЯ. ӘДБИЕТТАНУ, ӨНЕРТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРА	
<i>Г.Орда</i> . Қазіргі әдебиеттегі фольклордың зерттелуі ...	240
<i>Ш.Сариев</i> . Абай дәстүрі және қазіргі қазақ лирикасы ...	248
<i>Ж.Мамбетов</i> . Сейіт Қасқабасов – абайтанушы	262
<i>Н.Жусупов</i> , <i>М.Барытова</i> . Слова Биев в рукописях Машхур Жусупа	270
<i>С.Алтыбаева</i> . Функции мифа/неомифа в структуре повествовательного текста	280
<i>С.Ержанова</i> , <i>Ж.Әлиева</i> . Салт-дәстүрлер тұлғары образдар ерекшелігі	293
<i>Ж.Шагынбай</i> . О некоторых казахских изданиях религиозной мусульманской литературы досоветского периода	298

<i>Г.Молотова</i> . Литографические издания казахской уйгурской версии «Кисса-и Ибрахим ибн Адхам» равнительный анализ)	308
<i>М.Р.Балтымова</i> . Тарихи танымын көркем сйнеленуі	318
<i>К.Мухадиева</i> . С.Қасқабасовтың мифке айлануы зерттеулеріндегі «көңістік» ұғымының интвомәдени концептісі	329
<i>Ж.Керімбек</i> . Ескендір образының шығыс дебиетіндегі орны	334
<i>Г.Жумасеитова</i> . Академик Қасқабасов С.А. новыи импульс в развитии национального искусства в ИЛИ им. М.О.Ауэзова	342
<i>Д.Шарипова</i> . Преломление образов фольклора книжной графике Казахстана 1940-80-х годов	252
<i>А.Мұқан</i> . Рухани жанартау бастайтын туынды	360

зерттеу еңбектері мен оқулықтар, библиографиялық көрсеткіштер т.б. жазуға қол жеткізіп, оңдаған ірі-ірі жобалардың орындалуына, сан-салалы тақырыптардағы ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдердің ұйымдастырылуына жетекшілік еткен ағамыз өмірінің ең жемісті, ғылыми әлеуеті, дара идеялары толық орындалған, жемісті шағы болды деуге негіз бар. Қазақ ғалымдарының тарихында ұлт руханиятына қатысты бір өзі дәл осындай аса ауқымды, жауапкершілігі зор жұмыстар атқарған ғалымдар кем де кем. Сейіт Асқарұлы бұл жетістіктерге, атақ-дәрежелерге, бедел-белестерге тек ақыл-жігерінің, парасат-біліктілігінің, тынымсыз еңбегінің арқасында ғана жетті, есімі елден асып, ТМД халықтарына, одан озып әлем жұртшылығына танылды. Алда да атқарылатын шаруалар, көтерілетін мәселелер аз емес. Сол бағытта ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, Алаш азаматы Сейіт Асқарұлын ең алдымен Жараушы Алла жарылқап, өзі сөздерін тірілкен ата-бабалардың аруақтары қолдап-қоршап жүргей деген тілектеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С.А. Президент және мәдени мұра. Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2010. –127-б.
2. Қасқабасов С.А. Ұлт мұрасын ұрпаққа жеткізу парыз // Ана тілі. 2009, 3 сәуір.
3. Қасқабасов С. Қадымнан жеткен асыл сөз // Егемен Қазақстан. 2003, 17 сәуір.
4. Қасқабасов С. Батырлар жыры // Бабалар сөзі: Жұт томдық. – Астана: «Фоллиант», 2006. Т.33: Батырлар жыры – 364-б.
5. Жұмалиев К., Қасқабасов С. Ғашықтық жырлар // Бабалар сөзі: Жұз томдық. – Астана: «Фоллиант», 2009. Т.53: Ғашықтық жырлар. – 456 б.

Пәкізат Әуесбаева ҚАЗАҚ ҚАРА СӨЗІНІҢ ҚАСИЕТІН ӨЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН ҒАЛЫМ

Бағзы заманғы өмір салтымен біте қайнаскан ұлан-ғайыр дүниенің ішкі болмысына бойлап, өзіндік сүрен сүрлеу жол ашу фольклортану ғылымында кез-келгеннің қолынан келетін іс емес.

Фольклортанушы С.А.Қасқабасов – қазақтың қара сөзге дес бермеген ділмарлық қасиетінің бастау алған бұлақтарының көзін ашып, ата-бабаларымыздың тіршілік тынысын тамыршыдай тап басып, прозалық жанрлардың адам өмірі сияқты жаңарып, жаңғырып, түлеп отыратындығын ғылыми түрде дәйектеген алғашқы зерттеуші. Тым көне замандардан бастау алған жанрлардың ұзақ даму жолындағы көмескіленген ізін тауып, басқа соқпақтармен тоғысуын тап басып тани білген кемел ғалым көптеген прозалық жанр түрлерінің қайта жаңғырып, түлеуінің де сырын алғаш сараптаушы болды. Соның нәтижесінде қазақтың наным-сенімдерімен, түсінік-тағамдарына қатысты бұл күнде ұмытылған көптеген прозалық түрлері халықтың рухани игілігіне айналды.

Қазақ қоғамымен бірге түлеген ұлттың рухани құндылығы – фольклорды жаңаша зерделеп танытуда ешкімге ұқсамайтын қолтаңбасы айқын академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың қазақ қара сөзінің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезініп, түйсінуі бала жасынан басталса, есейген шақтағы зерделі ой, терең таным арқылы салмақты ой, салмақты пікірмен дәлелденген әр сөзі сан теперішті көрген қазақ санасын сілкінітіп, өз қасиетін өзіне қайта танытты.

Сан ұрпақтың таразы-талғамынан өтіп, біздің дәуірге жеткен рухани мұраның таным қуаты тағлымдық сипаты, жаһандану өркениетінде ұлттық тамырын тереңнен тартқан халықтың қоғамдық ой-санасындағы аз ұлттардың өткен тарихын, жасаған мәдениетін танып білуге мүмкіндік

береді. Жалпы С. Қасқабасовтың ғалымдық жолына ой көзін салсақ, бір ғана объектінің төңірегінде үздіксіз ізденіп, жан-жақты зерттеу арқылы өрнекті ой, терең пікір түюдің ғылыми үрдісін қалыптастырғандығын айта кеткеніміз орынды. Оның ұзақ жылғы ізденуінің нәтижесінде жазылған «Казакская волшебная сказка» (1972), «Қазақтың халық прозасы» (1984), «Казакская сказочная проза» кітаптары осының жарқын мысалдары.

Өз заманынан оқ бойы озық ойлы Сейіт Қасқабасовтың 1972 жылы жарық көрген «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері» атты ертегі жанрын зерттеген тұңғыш монографиялық еңбегі орыс тілінде жарияланып, ағылшын тілінде резюме беріліп, әлемдік ғылым деңгейінде орындалған жұмыс болды. Онда қазақтың қиял-ғажайып ертегісі дамуындағы негізгі заңдылықтар, сюжет ерекшеліктері, образдар жүйесі алғаш рет жан-жақты айқындалды.

С. Қасқабасов қиял-ғажайып ертегілерінің жанрлық әр түрлілігін, оның сюжеті мен поэтикасына, құрылысына тигізген батырлық жырлардың әсерін жүйелі түрде сарылап, ертегінің эстетикалық мұраты – халық идеялы екенін дәлелдеген. Қиял-ғажайып ертегілерінің кейіпкерлер жүйесі туралы айта келіп ғалым: «Бұлардың бәрі – халық арманынан әр кезде туған идеал кейіпкерлер, яғни идеал – тарихи құбылыс, – дейді [1, 35].

Алғашқы осы зерттеуінде-ақ ғалым арнайы қорларда ғана сақталған сирек кездесетін жазбалар мен кітап, еңбектерді мольнан пайдаланғандығымен көңіл аударғты.

Қазақ фольклорының жанрлары мен жанрлық түрлеріндегі халқымыздың өткен өмірімен, алдан күткен арман-үмітін жан-жақты саралап тану ұзақ уақыт бойы таптық өлшемдегі ресми идеологияға бағындырылды. Алайда сол заманда-ақ ғалымдық, азаматтық тұрғыдан батылдығымен, терең білім мен парасаты арқылы әлемдік фольклортану ғылымының деңгейінде ой айта білген Сейіт Асқарұлы бөлек болмысымен дараланды.

Көшпелі өмір-тіршілігінің ерекшелігіне сәйкес қазақтың ауызша әңгімелеріндегі әрбір сөз бен сөйлемнің мән-мағынасыз айтылмағандығы, онда таным мен түсінік, тілек пен үміт, сенім мен күдік, қорқыныш пен батылдық т.б. адам болмысының қырлары сипатталатындығы да Қасқабасовтың прозалық фольклорға арналған еңбектерінде дәйектелді. Ғалым халық прозасының ертегіден басқа жанрларының тек көркемдік қызмет атқарып қана қоймай дүниенің мән-маңызын, табиғат сырын, жан-жануарлардың тіршілігін, аспан денелерінің, тау-тас, өзен-көлдердің пайда болу себептерін түсіндіретін танымдық жүкті арқалайтындығын көне фольклорлық жанрлар негізінде дәлелдеу арқылы бүгінгі таным-түсінікке дейінгі ұлттық ой-танымымыздың даму жолын көрсетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы әкеден балаға аманат еткен арман тілегі көрініс тапқан халық прозасының көркемдігімен қатар танымдық қызметінің де біртұтас қаралуы—қазақ фольклорының өзге жанрлары жайында жүргізілетін зерттеулердің «бетке ұстар бағдаршамы» болды. Әдетте, С. Қасқабасов ертегі жанрын зерттеуші ретінде көбірек ауызға алынып, – оның ертегіден тыс прозаның ұқсастығы мен айырмашылықтарының танымдық, тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, сюжеттік, құрылымдық, тақырыптық, тілдік-стильдік ерекшеліктеріне қарай саралап жіктеудегі еңбегі көп айтылмайды. Оның себебі, бүгінгі ой-таным бойынша аспан мен жерді, туған топырақты желіне дейін кастерлеп киелеген халқымыздың табиғатпен біртұтас тағдыры жайлы түсініктеріміздің өздеріп, өзіміздің де төл табиғатымызды жағсына бастауымыз. Әйтпесе, қазақтың прозалық фольклорындағы адамға жасалған қастандық пен зияндық оқиғасына себепкер болатын түрлі мифтік кейіпкерлердің (жестырнак, албасты, пері, марту, жын, жалғыз көзді дәу, құлдіргіш т.б.) өмірде болатынына сеніп, сақтану мен қорғанудың түрлі айла-шарғыларын тапқан ежелгі әңгімелерде адам болмысына тән срік пен жігер, күш-қайрат адамның жарқын, жақсы

өмір үшін күресінің іздері сайрап жағыр. Зерттеушінің пайымдауына қарағанда, бұл әңгімелер мифтің, әсіресе, мифтік кейіпкерлердің кейінгі тағдырымен, күнделікті тіршілік дәрежесіне түсірілуімен байланысты болып, наным-сенім түрінде сақталып бізге жеткен.

Ғалымның «Қазақская сказочная проза» еңбегінің құндылығы басқа зерттеулерге мүлде ұқсамайтындығы, бұл тақырыпқа ешкім монографиялық деңгейде арнайы қалам тартпағандығымен байланысты.

С.Қасқабасов ертегіге жатпайтын прозасын тұңғыш рет бір жүйеде зерттеп, сөз еткен зерттеуінде бұл проза үлгілері жанрлық қызметі тұрғысынан, шындыққа қатысы жөнінен, көркемдік сипаты жағынан, айтушы мен тыңдаушыға қатысына қарай, шығу, дүниеге келу мерзіміне байланысты кең ауқымды ғылыми тақырыпты нысана еткен. Монография «Фольклор жанрларының теориясы және қазақ халық прозасын саралау мәселелері», «Қазақтың фольклорлық прозасын жанрлық классификациялау мәселесі», «Ежелгі мифтер және қазақ фольклорындағы олардың ұшқындары», «Хикая үлгісіндегі мифологиялық әңгімелер», «Тарихи және топонимикалық шежірелер», «Аңыз және оның әрқилылығы» атты көлемді алты тараудан тұрады.

Біз сөз етіп отырған монографияда халықтық прозаның бір тобын «ертегіден тыс проза» деп бөліп миф, аңыз (предания) әпсана (легенда), хикаят (быличка), меморат (ауызша әңгіме) сияқты өте күрделі мәселенің қазақ фольклорындағы көрінісін, олардың арақатынасын, айырмашылығын мұқият зерттеп, ғылыми тұрғыда жан жинақты пікір түйген. Аңыз (предания) бен әпсананы (легенда) көркемдік дамудың екі сатысы деп ажыратқан. Олардың тарихилығы мен мекендігі белгілі бір оқиғаны қатысты әңгімедегі тарихилық пен мекендік сипаттың қайсысының басымдылығына байланысты қаралады.

Өзіне дейінгі зерттеулердегі қиял-ғажайып ертегі деп хайуанат жайлы ертегі, тұрмыс-салт ертегі, аңыз деп

қаданылып келе жатқан жанрлық бөліністі ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерделей зерттеу нәтижесінде ғалым бұл жүйені жаңа жанрлық атаулармен байытады. Яғни, халықтық прозаны ертегілік проза және ертегіден тыс проза деп үлкен екі топқа бөліп, олардың әрқайсысын тағы да ішкі жанрлық түрлерге жіктейді.

Ғалым зерттеуіндегі жанрлық классификациялаудың басты шарттары шығармадағы мазмұн, оқиға, өмір шындығын ашуда ол үшін көптеген әлемдік ғылымға тән фактілерді басшылыққа алады. Халық прозасының жанрларын саралауда кез келген шығармадағы шындықтың типтену ерекшеліктері мен өмірде болған нәрсені қабылдау, бейнелеу; аңыздағы шығарманың әлеуметтік, тұрмыстық функциясын ашып, кейбір жанрлардың өмір сүру формасының фольклорлық телтума, бітім, наным-сенімге байланыстылығын айқындау принциптері басшылыққа алынды. Түп-тамыры көне дәуірден басталатын топонимикалық аңыздардың тарихи аңыздан гөрі көркемдік нышандардың өзгешелігін анықтайтын ерекшелігі автордың айтуынша: «Мұндағы көркем қиял шығарма мазмұнының хабарнамалық сипаты кенеттен өзгеріп, оған ғабраттық сипат беріп, уақыт өткен сайын бұл аңыздың көркемдік сипатқа еніп, біртіндеп әпсана-хикаятқа айнала бастауы» [2,54]. Қазақ топонимикалық аңыздарының Батыс Еуропа елінен өзгешелігі – Шығыстағы үздік аңыздарда топонимикалық сарындар мен тарихи оқиғалар жүйесінің қат-сабат келуі. Ондағы ел қорғаған батырлардың аттары, сөмі, жер атаулары, түрлі ғабраттардың бәрі белгілі бір аңыздағы сюжетке бағындырылады. «Қазақтың халық прозасы» («Ғылым», 1984 ж.) деген атпен басылған еңбегінде де зерттеуші қазақ халық прозасының айшықты, ажарлы болмысын ашып, ішкі мазмұнын айқындап, талдап береді.

Қазақ аңыздары фольклортануындағы өте күрделі тақырыпқа іргелі еңбек «Қазақская сказочная проза»

атты монографиясы негізінде С.Қасқабасов Мәскеуде дүние жүзіне ағы белгілі ғалымдар арасында докторлық диссертация қорғап, халық прозасының ертегіден басқа жанрларын алғаш рет ғылыми классификациялап, қазақ мифтерінің, аңыздарының, хикаяттарының жанрық ерекшеліктеріне талдау жасап, олардың поэтикалық құрылысын айқындап берді.

Яғни танымдық аясы кең бұл іргелі еңбекте миф, әпсана, хикая, аңыз секілді жанрларды сұрыптап, оларды көркемдік бітімне, құрылымдық жүйесіне, белгілі кезеңде атқарған қызметіне орай сарптап, нақты ғылыми тоқтам жасалған.

Зерттеу барысында жалпылықтан жалқылыққа қарай ой өрбітіліп, өзіне дейінгі пікірлерді терең талдай келе өзіндік тың байламдар жасайды. Тарихи таным эволюциясының зерттеу әдісін шеберлікпен игерген Қасқабасов бұрын санатқа кірмей беймәлім болып келген жанрларға жаңа тыныс берді. Жанрлардың өзіндік ерекшелігін ашуда жалпы теориялық мәселелерге тереңдей бойлап, қазақ фольклорлық прозасын жанрға бөлу, жіктеу мәселесі мен шарттарын жүйелейді.

Ғалым жанрлық белгілерді тани білуде маңызды екі факторды айрықша белгілейді. «Біріншісі – ежелгі жанрлардың өзінің ұзақ тарихи дамуында бір-бірімен жақындастырар генетикалық қасиетін жоғалтпағандығы. Екіншісі – фольклорлық прозалық жанрлардың бір-бірімен өзара байланысы, өзара қатынасы нәтижесінде бір жүйе қалыптастырғандығы» [2]. Осыны негізге ала отырып, қазақ фольклорындағы ертегіден тыс жанрлар – миф, хикая, аңыз, әпсана-хикаят, екендігін жанды түрде дәлелдей алған.

Халық прозасын аңыздық деп топтап қазақ мифтерінің, хикаяларының, аңыздарының, әпсана-хикаяттарының, жануарлар жайындағы ертегілерінің, новеллалық сатиралық, батырлар ертегілерінің сырын ашқан кітаптағы құнды пікірлерінің арқасында ол Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды.

Бұдан кейінгі кезеңде С.Қасқабасов шығармашылығы жаңа бір ағынды қуат алып, толассыз өрістей түсті. Қалам қуаты мен халқының қазыналы дүниесін киелеген кемел ғалым соны дүниелердің легін «Родники искусства», «Колыбель искусства» сияқты кітаптарын жарыққа шығарумен жалғастырды.

80-ші жылдардағы ғылыми еңбектерінің үлкен белесі болған «Қазақтың халық прозасы» атты монографиясында фольклор жанрларының теориясына сәйкес анықталған халық прозасын тұңғыш рет бір жүйемен зерттеп шығып, жанрлық құрамын ашқан, әрбір ішкі жанрдың шығу, даму процестерін, халық прозасының өмір шындығына қатысын және поэтикасын зерделеген.

Ол тарихи-салыстырмалы әдісті пайдалана отырып, қазақ халық прозасының типологиясын бажайлап, өзіндік ерекшелігін анықтады. Халық прозасын негізінен генезистік және тарихи даму тұрғысынан қарастырды. Сексенінші жылдары ғалым әдебиет пен фольклор байланысы туралы көптеген елдерде баяндамалар жасап, ғылыми қауымға тың ой тастады.

Зерделі ғалым «Родники искусства» атты кітабында фольклор және әдебиет, фольклор және театр, фольклор және кәсіби музыка, фольклор және кино, фольклор және сурет өнерінің сан тарабының байланысын бағамдап, бағдар берді.

Қазақ фольклортануын жаңа сапалық биікке көтерген толымды еңбектері арқылы С.Қасқабасов – фольклортанушы, өзін қазақтың рухани әлемін терең білетін, филологиялық біліктілігі кемел, гуманитарлық ғалым салаларына мейлінше жүйрік, фольклорлық респерттары әлемдік ауқымды қамтитын, әдіснамалық (методологиялық) және теориялық пайымы ғылыми ойдың ең озық жетістіктерін тұғыр еткен, кең қарымды ғалым-зерттеуші ретінде таныта білді.

Сейіт Асқарұлы қазақ фольклортану ғылымында фольклорлық мұраларды тарих, этнография, археология

және тіл білімі сияқты сан салалы ғылым салаларымен өзектестіре отырып, алғаш рет кешенді пайымдаулар жасаудың да үлгісін көрсетті. Қазақтың прозалық фольклорындағы ертегілік проза мен аңыздық прозаның айтылу сақталу, ауыздан-ауызға таралу заңдылықтарын жай ғана саралап қана қоймай, фольклортанудың теориялық қисындары арқылы қарапайым да ұғынықты тілде талдап, түсіндіріп берді. Қазақ фольклортануының әлемдік деңгейдегі мәртебесін танытатын жаңалықтар бүгінгі күнде дейін оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау барысында қолданылып, соңғы кездегі қазақ фольклоры туралы зерттеулерге әдіснамалық тұғыр ретінде қолданысқа ие.

Сейіт Қасқабасов еңбектері арқылы ұлттың өзін-өзі тануы, өзгеге танытуының жаңа үлгісі көрінді. Ұлттың біртуар азаматы профессор Сейіт Асқарұлының зерделі зерттеулері Москва, Анкара, Ташкент, Минск, Баку, Кишинев, Ашхабад, Бішкек сияқты қалаларда басылып шығып, Америка мен жақындағы ТМД елдерінде жоғары баға алды.

Саналы өмірінің жиырма жылға жуық уақытын түркі мемлекеттік қызмет атқаруға жұмсап, соның қай-қайсында да ұлт мұратын басты ұстаным еткен азаматтың, өзіндік үні естіліп отырды. Әсіресе, қазақ фольклорының мүлде ел жадынан өше бастаған жанрларын қайта тіріліп, ел аузынан жиналған прозалық үлгілердің мәтіндерін айтылуы бойынша фольклорлық заңдылықтарын сақтай отырып, ел назарына қайта ұсынудағы сіңірген еңбегі ғалымның фольклорист-маман ретіндегі ерекшеліктерін танытты.

Фольклортанушы ғалым болу үшін кез келген мәселені оның генезисімен бірге қарастырып, қарапайым ғана тіршілік кешкен өткен дәуірдегі адамдардың әлем қоршаған орта туралы наным-сенімдеріне қатысты шебуі кіннің жұмбақ құбылыстардың тілін табу үшін ғылымның түрлі салаларынан жинақтаған мол білім қоры, өткер логика, психологиялық интуиция, философиялық пайым керек. Академик Сейіт Қасқабасов еңбектерінде осындай

қабілетпен, дарын, жазу стиліндегі ықшамдылық пен дәлдікке табиғи түрде ұштастырылған.

Сейіт Асқарұлы – бүкіл саналы ғұмырын халқының, қазақ ұлтының рухани өркендеуіне арнаған қайраткер. Ол мұны өзінің ғылыми тағлымын алған шәкірттерінен де талап етеді.

Ұлттық руханиятқа қайта оралған ақпараттар ағымы мен жаңа технологиялар дәуірі деп аталатын ХХІ ғасыр ғылымының алдына, оның ішінде фольклорға жаңа талаптар қойып, ұрпақ алдында жауапкершілігі мол міндеттер жүктеп отыр.

Бұл жөнінде *Қазақстанның халық жазушысы, Елбек ері Әбіш Кекілбайұлы: «Қазақ халқы да осы зор бәсекелестіктің ортасында өзінің рухани дүниесін тудырып, өсіріп, өрістетіп келеді. Соның ішінде 60-шы жылдардан бері қиы-қиы саясаттың арасынан мойымай, табандылықпен ғылымға үлес қосып келе жатқан замандастарымыздың бірі – Сейіт Қасқабасов. Секеңнің қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі мол. Ғалым фольклор жанрларының теориясына сәйкес анықталған халық прозасын тұңғыш рет жүйелі зерттеп, жанрлық құрамын ашқан, әрбір ішкі жанрдың шығу, даму процестерін зерделеген, халық прозасының өмір шындығының поэтикасын саралаған»* деп ой тұжырымдаған [3,24]. Қазақ ұлтының элем елдерімен материалдық және рухани мәдениет салаларындағы бәсекелестігінде бүгінгі ғаламның ой жетіспктерін меңгеріп, асылы мен жасығын айыра блу керектігі жайлы да тұлама ғалым ерекше ой-тұжырымдар гүйіндейді.

«Шеттен келіп жатқан дөрекі мәдениеттің соқыр жетегінде кетпес үшін өз мәдени үрдісімізді қалыптастыруға күш салсақ. Ол тек ұлттық шеңбер аясында ғана емес, өзіміздің озық өнеріміз бен шетелдің үздік мәдениетін ұштастыру және ұлттық мәдениетімізді мәйегін сақтай отырып, заман талабына сай дамыта пайдалану арқылы қалыптаспақ. Ол үшін тезірек мәдениет нарығына ену,

шығармашылық бәсекеге түсу қажет. Әрине, бұл – оңай шаруа емес. Мәдениет күресіне, талант жарысына түсудің алғы шарты – ой азаттығы мен шығармашылық еркіндік» [4,12].

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейт Асқарұлы Қасқабасовтың дүние жүзіне қазақ қара сөзін танытуда, ұлттың рухани байлығын көрсетуде жазған зерттеулерімен қатар, абыз ақылман, салықалы маман ретіндегі әрбір сұхбаты ғылыми-мәдени қауымның ойына – ой, пікіріне – пікір қосты.

С.Қасқабасовтың тікелей ұйымдастыруымен Әдебиет және өнер институты ғалымдарының «Бабалар сөзі» атты халық шығармашылығының жүз томдығын абыроймен атқарып шығуы – өз алдына арналы әңгіме мен талдау тұжырымдардың еншісі.

Қазақ фольклортану ғылымын кәсіби биікке көтерген ғалым С.Қасқабасовтың тұңғыш рет фольклордың жанрлық, поэтикалық, типологиялық белгілерін ғылыми айқындап берген іргелі еңбектері әлі де тәуелсіз Қазақстанның рухани қажеттілігін өтеп, ұлттық сана мен рухты көтеру міндеттерін атқаруға қызмет ете береді.


Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. – Алматы: Наука, 1972.
2. Қасқабасов С. Казахская несказочная проза. – Алматы: Наука, 1990.
3. Оқымысты [Академик С.А. Қасқабасов туралы мақалалар, пікірлер және лебіздер]. – Алматы: Қазақпарат, 2010.
4. Қасқабасов С. Ой-сана: [Сұхбаттар]. – Алматы: Тіл оқу-әдістемелік орталығының баспаханасы, 2010.

Бақыт Әбжет С.ҚАСҚАБАСОВ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ТАҚЫРЫБЫ

Қазақ фольклористикасы XX ғасырдың 70-80 жылдары ерекше қарқынды дамыды. Фольклор саласындағы жекелеген жанрлар арнайы түрде қарастырыла бастады. Фольклордың ішкі жанрлық құрылымдары өзінің табиғатына қатысты ғылыми тұрғыдан жіктелді, әрбір жанр арнайы қарастырылып, жекелеген зерттеу жұмыстарына арқау болды, қадау-қадау монографиялар жарық көрді. Бұл ғылыми еңбектер тек қана отандық ғылымның көкжиегін кеңітіп қана қойған жоқ, сонымен қатар әлемдік фольклористикада да өзіндік салмағы бар еңбектер ретінде бағалана бастады. Оның ішінде қазақ ертегілерін зерттеген ғалымдардың еңбектерінің орны айрықша көрінді. Қазақ ертегілерінің классификациясы жоғары деңгейде жүйеленді.

Бұл бағытта қажырлы еңбек етіп келе жатқан ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, КРҰҒА академигі С.А.Қасқабасовтың сіңірген еңбегі айрықша еді. Ол өзінің алғашқы зерттеулерінен-ақ қиял-ғажайып ертегілерінің шығу төркініне жіті көңіл бөліп, олардың түрі мен тегін, жанрлық ерекшелігін, көркемдік дамуын, бейнелер жүйесін ажыратып көрсетіп берді. Қазақ ертегілерінің табиғатын ашты, оның даму сатыларын жан-жақты дәлелдеп көрсетті. Қиял-ғажайып ертегілерінің шығу тарихын халықтың қиялынан туған дүниелер, өздері армандаған дүниесі қиялда елестету арқылы ертегіні ойлап шығарған деген пікір кеңінен етек алған болатын. С.Қасқабасов ертегінің қиялдан тумайтындығын, оның халықтың жадында сақталып қалған көне мифтер мен аңыздардың ертегіге қарай қалай ауысатын жолдарын көрсетіп берді: «Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Оның түп-төркіні – алғашқы қауымда туған



АКАДЕМИК СЕЙІТ
ҚАСҚАБАСОВ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ
ФОЛЬКЛОРИСТИКАСЫ

<i>Т. Дибекоев</i> . С.А.Қасқабасов және фольклорлық мұра ...	148
<i>П. Дүсебаева</i> . Қазақ қара сөзінің қасиетін элементте	
танытқан ғалым	161
<i>Б. Әбжанетт</i> . С.Қасқабасов және шығыс тақырыбы	171
<i>Ж.С.Рақыш</i> . «Қыз Жібек» жыры Сейіт Қасқабасов зерттеулерінде	177
<i>Д.С.Жақан</i> . Тағлымы терең тула	183
<i>Б. Әлиев</i> . С.Қасқабасовтың қазақ ертегі жанрын жаңаша пайымдауы	191
<i>А.Шарип</i> . Көкейден кетпес кездесу	199
<i>А.Тойшан</i> . Қасқабасовтікі қасқа жол, басқалардікі басқа жол» немесе ұстаз ұланғыты	204
<i>Ж. Астанов</i> . «Едіге» эпосындағы Ақсақтемір бейнесі: тарихи шындық пен эпикалық шындық	212
<i>Ш. Керім</i> . Перілер туралы хикаялар	221
<i>Н.Набиолла</i> . С.А.Қасқабасов зерттеулеріндегі тәуелсіздік идеясы	228
<i>С.Инегулова</i> . Түркі әлеміндегі самұрық бейнесі	234
2-СЕКЦИЯ. ӘДЕБИЕТТАНУ, ӨНЕРТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРА	
<i>Г.Орда</i> . Қазіргі әдебиеттегі фольклордың зерттелуі ...	240
<i>Ш. Сариев</i> . Абай дәстүрі және қазіргі қазақ лирикасы ...	248
<i>Ж.Мамбетов</i> . Сейіт Қасқабасов – абайтанушы	262
<i>Н.Жүсіпов</i> , <i>М.Баранова</i> . Слова биев в рукописях Машхур Жусипа	270
<i>С.Алимыбаева</i> . Функции мифы/неомифа в структуре повествовательного текста	280
<i>С.Ержанова</i> , <i>Ж. Әлиева</i> . Салт-дәстүрлер туыртқан образдар ерекшелігі	293
<i>Ж.Шалғынбай</i> . О некоторых казахских изданиях религиозной мусульманской литературы досоветского периода	298

<i>Г.Молотова</i> . Литографические издания казахской и уйгурской версий «Кисса-и Ибрахим ибн Адхам» (сравнительный анализ)	308
<i>М.Р.Балтымова</i> . Тарихи танымының көркем бейнеленуі	318
<i>К.Мухамдиева</i> . С.Қасқабасовтың мифке байланысты зерттеулеріндегі «көңістік» ұғымының лингвомәдени концептісі	329
<i>Ж.Керімбек</i> . Ескендір образының шығыс әдебиетіндегі орны	334
<i>Г.Жумаселимова</i> . Академик Қасқабасов С.А. и новый импульс в развитии национального искусства в ИЛИ им. М.О.Ауэзова	342
<i>Д.Шарипова</i> . Преломление образов фольклора в книжной графике Казахстана 1940-80-х годов	252
<i>А.Мұқан</i> . Рухани жанартау бастайтын туылды	360